

# Қазақстан Республикасындағы ішкі сауда туралы

Жариялау күні: 12.03.2026

Келесі жариялау күні: 13.04.2026

## 1.Негізгі тұстары

### 1.1 Бөлшек сауда

### 1.2 Көтерме сауда

### 1.3Тауар биржалары

### 1.4Сауда базарлары

## 2. Динамика: ішкі сауданың негізгі көрсеткіштері

## 3. Глоссарий

## 4. Әдіснамалық түсіндірмелер

## 5. Басылымдарға қатысты сілтемелер

## 6. Пайдалы сілтемелер

## 1.Негізгі тұстары


"Сауда" саласы бойынша НКИ 2026 жылғы қаңтар-ақпанда өткен жылдың тиісті кезеңіне 103,4% құрады (2025 жылғы қаңтар-ақпанда – 106%).

2026 жылғы қаңтар-ақпанда көтерме сауданың НКИ 103,8% құрады (2025 жылғы қаңтар-ақпанда – 106,6%). Бөлшек сауданың НКИ 102,6% құрады (2025 жылғы қаңтар-ақпанда – 104,7%).

Саланың жалпы көлеміндегі елеулі үлес көтерме саудаға тиесілі, оның үлес салмағы 67,1% құрайды, бөлшек сауданың үлес салмағы 32,5% құрайды.


### «Сауда» саласы бойынша нақты көлем индексі

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



### Бөлшек және көтерме сауданың нақты көлемінің индексі

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен




Көтерме сауда көлемі 2026 жылғы қаңтар-ақпанда 6540,5 млрд. теңгені немесе 2025 жылғы тиісті кезең деңгейіне 103,8% құрады. Көтерме тауар айналымының құрылымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер басым (78,1%).

Республиканың көтерме саудасының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлес салмағы 2026 жылғы қаңтар-ақпанда Алматы қаласына (38,1%), Астана қаласына (16,7%), Атырау облысына (12,4%), Қарағанды облысына (5%) тиесілі.

#### 2026 жылғы қаңтар-ақпанда жалпы көтерме сауда көлеміндегі облыстардың үлесі

пайызбен



2026 жылғы қаңтар-ақпанда бөлшек сауда көлемі 3164,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2025 жылғы тиісті кезең деңгейінен 2,6%-ға артық. Сауда кәсіпорындарының тауарларды бөлшек саудада өткізуі 3,7%-ға ұлғайды, дара кәсіпкерлердің, оның ішінде базарларда сауда жасаушылардың, 2025 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 1% - ға кеміді.

Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарларды бөлшек саудада өткізуінен 2761,7 млрд.теңге (бөлшек сауданың жалпы көлемінің 87,3%), шетелдік меншік нысанынан 402,4 млрд. теңге (12,7%) сомасында айналым алынды.


2026 жылғы 1 наурызға жағдайы бойынша бөлшек саудадағы сауда кәсіпорындарының (есеп берген кәсіпорындар бойынша) тауар қорларының көлемі 1727,7 млрд.теңгені, сауда күндерінде – 77 күнді құрады.

Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі азық – түлік тауарларының үлесі – 29,6%, азық-түлік емес тауарлардың үлесі – 70,4% құрайды. Азық-түлік тауарларын өткізу көлемі 2025 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 9,1% - ға ұлғайды, азық-түлік емес тауарларды өткізу көлемі 0,2% - ға ұлғайды.

2026 жылғы қаңтар-ақпанда Республиканың бөлшек саудасының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлес салмағы Алматы қаласына (31,2%), Астана қаласына (13,1%), Қарағанды (8,4%) және Шығыс Қазақстан (5,6%) облыстарына тиесілі.

### 2026 жылғы қаңтар-ақпандағы жалпы бөлшек сауда көлеміндегі облыстардың үлесі

пайызбен



### 3. Глоссарий

Бөлшек сауда – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Көтерме сауда – жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзге де пайдаланумен байланысты емес, кейіннен сатуға немесе өзге мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Нақты көлем индексі – базистік көрсеткішпен салыстырғанда ағымдағы кезеңде тауар массасын сату көлемінің (тауар айналымының сандық факторы) өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Тауарлық-материалдық қорлар – белгілі бір күнге сауда кәсіпорындарында, қоймаларда, жолда болатын ақшалай немесе заттай түрдегі тауарлардың саны.

### 4. Әдіснамалық түсінідірмелер

Тауарлар мен қызметтерді сату көлемі сатылған тауарлар, өнімдер және көрсетілген қызметтер үшін қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін алынған ақшалай түсім сомасын сипаттайды.

Айналымның нақты көлемінің индексі бағаның өзгеруінің әсерін қоспағанда, оның тек физикалық көлемінің өзгеруі нәтижесінде айналымның қалай өзгертетінін көрсетеді.

Тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізудің нақты көлемінің индексін есептеу үшін есепті және базистік кезеңдердің айналымдары, базистік кезең ретінде қабылданған бір кезеңнің бағасымен (тұрақты бағамен) салыстырылады.

### 5. Басылымдарға қатысты сілтемелер

[Қазақстан Республикасындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі 2026 жылғы қаңтар-ақпан](#)

[Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтер](#)

Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу  
2015-2026 жылдардағы айлар бойынша көтерме сауда

## **6. Пайдалы сілтемелер**

«Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме»

«Тұтыну бағасының индексі құру әдіснамасы»

«Тауарлар мен қызметтерді өткізу көлемі туралы, сапа бойынша есеп, 2025 жыл»

«Ішкі сауда статистикасы, ақпараттық «Талдау» жүйесі

---

<b>Шығаруға жауапты:</b> Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	<b>Департамент директорының м.а.:</b> <b>Д.Иманбаев</b> Тел. +7 7172 749077	<b>Орындаушы:</b> Г.Жаманова Тел. +7 7172 749780 E-mail: Gu.dzhamanova@aspire.gov.kz	<b>Мекенжайы:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	---	---	--

---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы